

құралын қолдану арқылы жүргізілді, оған 287 микро, шағын және орта бизнес кәсіпкерлері қатысты. Сауалнаманың мақсаты мемлекеттік қолдау шараларын, пандемияның салдарын және ШОБ-тың өмір сүру стратегияларын зерделеу, сондай-ақ ШОБ-тың оларға қатысты мемлекеттік саясатты түсінуін бағалау болып табылады. Қайталама деректер ашық дереккөздерден алынды: Мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың статистикалық деректері. Таңдалған зерттеу стратегиясының артықшылығы-кәсіпкерлікке қатысты мемлекеттік стратегияға да, белгісіздік жағдайында бизнесті бейімдеуге де жан-жақты талдау жүргізу мүмкіндігі.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы. Шағын және орта бизнес экономика үшін әлеуметтік маңызды функцияларды жүзеге асырады. Осы зерттеудің нәтижелері кәсіпкерлікті қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру және трансформациялау кезінде қолданылуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелері. Осы зерттеу шеңберінде кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік саясаттың ағымдағы ахуалына талдау ұсынылды. ШОБ арасында әлеуметтік сауалнама жүргізу барысында пандемия кезеңінде бизнесті жүргізудегі негізгі қиындықтар анықталды, сондай-ақ мемлекеттік саясат шеңберінде өмір сүрудің негізгі стратегиялары ұсынылды. Жүргізілген саясатты ШОБ цифрландыруды енгізуді ынталандыруға және ынталандыруға баса назар аудару бөлігінде ұсынымдар берілді.

Түйін сөздер: мемлекеттік саясат, шағын және орта бизнес, мемлекеттік қолдау, белгісіздік.

ОБ АВТОРЕ

Исенова Айғаным Сагандековна – PhD докторант, Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Нур-Султан, Республика Казахстан, e-mail: a.isenova@apa.kz; aiganym_is@mail.ru

MPHTI 06.56.31

JEL Classification: R58

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2022-2-94-103>

АУЫЛДЫҚ ЖЕРДЕГІ ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ (ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА)

Ж. Б. Аубакирова^{1*}, Е. Б. Аймағамбетов¹, Е. Н. Белкина²

¹Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

²И. Т. Трубиллин атындағы Кубань мемлекеттік аграрлық университеті, Краснодар, Ресей Федерациясы

АНДАТПА

Зерттеудің мақсаты Қарағанды облысының ауылдық аумақтарындағы жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржы-экономикалық негіздерін дамыту жағдайларын талдау және баға беру болып табылады.

Әдіснамасы – жергілікті қоғамдастықтар басқару институттарын қалыптастырып және бейімдейді, сонымен қатар, осы өңірдің дамуына ықпалын тигізетін саясат пен іс-шараларды қалыптастырады. Жергілікті қоғамдастықтардың әлеуетін жоғарылатудың мүмкіндіктері жергілікті өзін-өзі басқару және жоғарғы мемлекеттік органдар деңгейіндегі атқарылатын әрекеттерді келісу, қызметтер және ресурстарға қол жетімділік алуға арналған басымдықтарды белгілеу арқылы анықталады.

Зерттеудің бірегейлігі / құндылығы. Бюджеттік жүйенің барлық деңгейлеріндегі бюджет қаражатын ескеріп есептелген өңірдің жан басына шаққандағы бюджеттік қамтамасыз етілуі келесі түрде болады, бұл жағдайда, бюджет шығыстарының қатынасы ел аумағында жоғары тұрған бюджет қаражатының есебінен қаржыландырылатын бюджеттік ұйымдардың әркелкі орналасуымен байланысты әр өңірдегі кірістері осы бюджетке тәуелді болатын халық топтарының қатынасы секілді біршама өзгеше болуы ықтимал.

Зерттеу нәтижелері – республикадағы өңірлер арасындағы айтарлықтай айырмашылықтарға және бірқатар жағдайлардың бірегейлігіне қарамастан, барлық өңірлер үшін көбейту процесінің жекелеген элементтерінің арасындағы байланыстардың, құрамдауыштардың процестің барлық буындарына ықпалының заңдылықтарының сипаты ортақ болып келеді. Аталған элементтер және олардың байланыстарының жиыны репродуктивті циклды құрайды. Сол себепті, автор Қарағанды өңірін сипаттайтын көрсеткіштерді қарастырып отыр, мұнда гипотеза ретінде ауыл шаруашылығының ЖҰӨ-нің нәтижелік көрсеткіші мен қаржылық мүмкіндіктер мен астық және бұршақ дақылдарының шығымдылығы сияқты факторлар арасындағы байланыс ұсынылып, дәлелденді. Мемлекеттік басқарудың тиімділігі еліміздің және өңірдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету және халықтың әл-ауқатын арттыру шарттарының бірі екендігі дәлелденді.

Түйін сөздер: жергілікті өзін-өзі басқару, стратегиялық даму, аумақ, мемлекеттік реттеу, ауыл шаруашылығы, мемлекет, қаржыландыру, бюджеттік қамтамасыз ету.

КІРІСПЕ

Білім, инновация және бәсекеге қабілетті адами капиталға негізделген жаңа сападағы экономиканы қалыптастыруға ұмтылатын заманауи мемлекеттер үшін жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың маңызы зор. Жаңа жаһандық сын-қатерлер жағдайында жергілікті билік органдары экономикалық және әлеуметтік дамуда тұрақтандырушы рөл атқарып, әлеуметтік тегеурінді төмендетеді және алдын алады. Бұл жағдай халықтың өңірдегі және жергілікті жердегі жеке ресурстардың жалпы әлеуетін пайдалану және дамытуға мүдделілігіне және кәсіпкерлік рухына, қоғамдық әлдебіреудің асырауында болу ниетін төмендетуге оң ықпалын тигізеді. Нәтижесінде, шалғайдағы аудандар, селолар мен ауылдардың экономикасы дамуға серпін алып, осының салдары ретінде, елдегі жалпы өмір сүру деңгейін арттырады.

Ауылдық аудандарда жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржы-экономикалық механизмдеріне өз үлесін қосатын денсаулық сақтау, білім беру және ақпараттық технологиялар сияқты қызметтердің дамымауы ауылдық аудандарды дамыту тұрғысынан тиімді шараларды әзірлеу мен жүзеге асыруды айрықша күрделі міндет ретінде айқындайды. Сол себепті, жергілікті институттардың сипаты және сан алуан масштабтағы басқарудың ауқымды механизмдерімен байланысы түрлі шаралардың нәтижелерін анықтауда шешуші рөл атқарады және аумақтық траекторияларға біршама әсерін тигізеді. Өкілеттіктер мен ресурстарды жергілікті билік органдарына тапсыру мемлекеттік қызметтердің ауқымды спектрі, оның ішінде мемлекеттік қызметтер көрсету, ауылдық аудандарды дамытуды және әлеуметтік қамсыздандыру механизмдерін жақсартуға алып келетіні бірқатар зерттеулермен расталып отыр.

Жергілікті өзін-өзі басқару қала мен ауыл халқын түйткілді мәселелердің шешімін табу процесіне тікелей қатыстырудың ең тиімді механизмдерінің бірі болып табылады. Қазақстан үшін бұл тұрғыда жергілікті өзін-өзі басқаруды және жалпы өңірлік дамуды табысты дамытып отырған Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) мемлекеттерінің тәжірибесі маңызды әрі қызықты.

Әдебиетке шолу. S. C. Gherghina, M. A. Botezatu, A. Hosszu, L. N. Simionescu зерттеулеріне сәйкес шағын және орта кәсіпорындар (ШОК) жергілікті экономикалық дамуда шешуші рөл атқарады [1, 347 б.], бұл жағдайда, олардың түрлі құбылыстар мен басқа да апаттарға ықпал шараларын үйлестірудегі рөлі орасан зор [2, 228 б.]. Зерттеулердің нәтижелері әр алуан болғанына қарамастан, жергілікті билік органдарына өкілеттіктер мен ресурстарды беру мемлекеттік қызметтерді көрсету, ауылдық жерлерді дамыт және әлеуметтік қамсыздандыру механизмдерін қамтамасыз етумен байланысты мемлекеттік функциялардың кең спектрін жақсартуға алып келуі мүмкін [3, 626 б.].

Ұлттық экономиканың түрлі салаларындағы шағын және орта бизнес кәсіпорындары қызметінің мәселелері А. Мырзахметова, А. Мухамеджан, С. Жакупованың зерттеулерінен көрініс тапты, мұнда әр түрлі салалар және өңірлерде олардың дамуына ықпал ететін негізгі факторлар анықталған [4].

Шетелдік тәжірибені ескере отырып, G. Lukhmanova, K. Baisholanova, N. Shiganbayeva, B. Abenov, A. Sambetbayeva, B. Gussenov Қазақстан экономикасындағы ауыл шаруашылығы бағытындағы ШОБ рөліне назар аудара отырып, ауыл шаруашылығы секторын дамытудың басты бағыттарын сипаттайды [5]. Пандемия халықты мемлекеттегі және экономикалық дамудағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен бөлудің [6-9] маңызды рөлін ұғынуға мәжбүр етті және жалпы ауыл шаруашылық саясатының реформасына айтарлықтай үлес қосты.


Ресурсты қажет ететін даму моделінен біршама әртараптандырылған және тұрақты экономикаға қарай бағдарлану үшін өңірлік даму саясатына қолайлы жағдай жасау қажет. Аталған мақсатқа жету жолында өңірде жаңа бәсекеге қабілетті және ұлттық өсуге мүмкіндік беретін экономикалық қызмет түрлерін қолдайтын реформалар қажет болады. Осылайша, сәйкес өңірлерге бағытталған және ауылдық өңірлерді тұрақты дамыту шаралары жүйесін әзірлеумен және ауылдық өңірлердің өздігінен дамуына арналған экономикалық механизмдер қалыптастырумен, әкімшіліктің міндеттері және қызметін оңтайландырумен байланысты, қолданыстағы заңнамаға сәйкес бағдарламалар қолдану, жергілікті биліктің құрылымын нығайту, олардың дамуына озық жағдайлар жасау жекелеген өңірлер және жалпы мемлекет үшін жедел және маңызды міндет болып табылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазіргі таңда өңірлік автономияның рөлі артып келеді, бұл орталық пен өңірлер арасындағы функциялар мен кірістерді орталықсыздандырудан туындайтыны сөзсіз. Жергілікті өзін-өзі басқарудың даму деңгейі, оңтайлы деңгейді таңдау, оны жүзеге асыру нұсқалары және модельдері әр мемлекетте әр түрлі болады және тек экономикалық ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік-саяси, демографиялық және тарихи сипаттағы бірқатар факторларға тәуелді болады. Жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржылық-экономикалық аспектілері негізінен ауыл шаруашылығы есебінен дамыды [10].

Автор өз еңбегінде өнеркәсіптік бағдары фармацевтика, құрылыс материалдары, ауыл шаруашылығы, көлік және энергетика кешендерінен, сонымен қатар, өткізу нарықтарын кеңейту және қайта бағдарлау, өңірлік инновациялық қызметке арналған инфрақұрылымды дамыту секілді өңірлік даму стратегияларынан көрініс тапқан, индустриалдық өңірге жататын Қарағанды облысын қарастырған.


Ауылдық аумақтарда іске асырылып отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес, ауыл шаруашылық бағытындағы, әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық сала нысандарын жаңғырту жүзеге асырылып отыр. Мысалы, Қарағанды облысында «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы 179 ауылда жүзеге асырылып отыр, оның шеңберінде 140 нысан салу және жаңғырту жоспарланған (Сурет 1) [10; 11].



Сурет 1 – «Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасының жобаларын іске асыру
Ескерту – [12] дереккөз негізінде автормен құрастырылған

COVID-19 пандемиясының салдарынан өңірлерде экономикалық белсенділіктің біршама төмендегенне қарамастан, 2020 жылдың соңына қарай өңірлік бюджетке ШОК-дан жоспардан жоспарланған 386 млрд. теңгемен салыстырғанда шамамен 482 млрд. теңге жиналды, яғни 25 % өсім тіркелді. «Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы» жобасында аудандар мен ауылдық аумақтарды стимулынан айырмау мақсатында облыстар, аудандар және ауылдар бойынша ШОБ-тан КТС бөлу лимиттерін реттеу қарастырылған:

- ШОК-дың КТС табысының 50 % облыстық бюджетке;
- 30 % – аудан бюджетіне;
- 20 % – ауылдық округ (аудан) бюджетіне түседі (Сурет 2) [12].



Сурет 2 – Қазақстан Республикасының өңірлерінің 2015-2020 жылдардағы бюджеттік қамтамасыз етілуі, %


Ескерту – [12] дереккөз негізінде автормен құрастырылған

Осылайша, ШОК-дың корпоративтік табыс салығын жергілікті билік органдарының бюджеттеріне беру тәжірибесі түсімдер тұрғысынан оң үрдіс байқатып отыр, бұл жергілікті билік органдарының бюджеттерінің қаржылық тәуелсіздігінің төртінші деңгейде де артқандығын көрсетеді.

2-суретке сәйкес бюджеттік қамтамасыз етудің ең төмен көрсеткіштері – Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында байқалады (аталған есепте барлық уақытша қатарға репрезентативтілік үшін Оңтүстік Қазақстан облысының бөлінбеген деректері пайдаланылады), 2020 жылы сәйкесінше, 17 %, 17,1 % және 18 % құрайды. Осы өңірлерде жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) деңгейі бойынша да төменгі орындарды алып отыр және жергілікті бюджеттердің салық түсімдері құрылымында бұл өңірлер 2020 жылғы республиканың жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) небәрі 11 %-н иеленіп отыр, ал олардың үлесіне ел халқының 27 % тиесілі.

«Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың 2020 жылғы қаржылық-шаруашылық қызметі» статистикалық деректеріне сүйенетін болсақ, ШОК бойынша деректер Қарағанды облысында кәсіпорындардың рентабельділік деңгейі 9,3 %, бұл жағдайда елдегі медианалық рентабельділік 2020 жылы 12,2 % құраған, ал Қарағанды облысы бойынша салық жүктемесі 7,7 % құрады.

Қарағанды облысын қарастыра отырып, аталған өңірдің басқа облыстармен салыстырғанда көрсеткіші орташа екенін айта кету керек, дегенмен, 2020 жылы Қарағанды облысының бюджеттік қамтамасыз етілуі 15,6 % қысқарды, бұл жергілікті бюджетте кірістермен салыстырғанда шығыстардың артқанын көрсетеді. Дегенмен де, жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерін шығару көрсеткіші 2023 жылға дейінгі болжаммен өсу үрдісін байқатады (Сурет 3) [12].



Сурет 3 – 2010-2021 жылдар аралығында Қарағанды облысының ауылдық аумақтарындағы ауыл шаруашылығының жалпы шығару көрсеткіштері, млн. теңге
Ескерту – [12] дереккөз негізінде автормен құрастырылған

Қарағанды облысында жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту көп жағдайда нарықта кәсіпорындардың бар болуына, бизнес-процестерге арналған тиімділігі жоғары инфрақұрылым қалыптастыруға, олардың дамуына ықпалын тигізетін мемлекеттік институттардың өнімді қызметіне және өз бизнесін дамыту үшін жаңа құралдар іздейтін жергілікті кәсіпорындар мен компаниялардың белсенділігіне байланысты экономикалық және қаржы ресурстарын тартуға қолайлы ортаның ықпалына тәуелді болады [13].

Материалдар және әдістер. Зерттеудің негізгі бастапқы материалдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламалары мен стратегиялық құжаттары болып табылады. Белгіленген зерттеу міндеттерін жүзеге асыру үшін келесі ғылыми әдістер қолданылды: ғылыми әдебиеттерді талдау, зерттеудің статистикалық әдістері.

Нәтижелер және талқылаулар. Авторлармен «Ауыл шаруашылығының ЖӨӨ» көрсеткіші мен қаржылық мүмкіндіктер, астық және астықты-бұршақты дақылдардың түсімі секілді факторлар арасындағы өзара байланыс туралы болжам әзірленіп, тексерілді (Кесте 1) [12].

Кесте 1 – 2010-2021 жылдар Қазақстан ЖІӨ-дегі Қарағанды облысының ауылдық аумақтарының қарастырылып отырған көрсеткіштерінің серпіні

Жыл	Ауыл шаруашылығының ЖӨӨ, млн. теңге	Бюджеттік қамтамасыз етілу, %	Астықты (оның ішінде, күріш) және бұршақ дақылдарының түсімі бір гектардан центнер
2010	54 760,5	70,0	4,5
2011	65 897,8	72,8	10,8
2012	73 098,0	68,7	6,5
2013	94 639,9	53,0	11,4
2014	95 583,1	53,4	9,2
2015	112 360,2	56,6	9,0
2016	138 727,8	52,3	12,3
2017	153 805,0	46,8	9,7
2018	170 949,6	53,0	11,8
2019	196 063,7	48,7	9,3
2020	231 792,9	41,	10,8
2021	274 864,2	43,8	9,2

Ескерту – [12] дереккөз негізінде автормен құрастырылған

Жоғарыда көрсетілген көрсеткіштердің өсу қарқынына 2-кестеде берілген арақатынастылық-регрессиялық талдау қолданылды.

Кесте 2 – Қарағанды облысының ауылдық аумақтарының 2011-2021 жылдардағы көрсеткіштерінің өсу қарқыны

Жыл	Ауыл шаруашылығының ЖӨӨ өсу ырғағы, %	Бюджеттік қамтамасыз етілудің өсу қарқыны, %	Астық (оның ішінде күріш) және бұршақ дақылдары түсімінің арту қарқыны, бір гк центнер, %
2011	20,338	4,000	140,000
2012	10,926	-5,632	-39,815
2013	29,470	-22,853	75,385
2014	0,997	0,755	-19,298
2015	17,552	5,993	-2,174
2016	23,467	-7,597	36,667
2017	10,868	-10,516	-21,138
2018	11,147	13,248	21,649
2019	14,691	-8,113	-21,186
2020	18,223	-15,811	16,129
2021	18,582	6,829	-14,815

Ескерту – Автор есептеулер негізінде құрастырған

Ең кіші квадраттар әдісі арқылы деректерді жуықтаудың нәтижелері 3-кестеде берілген.

Кесте 3 – Қарағанды облысы ауыл шаруашылығының ЖӨӨ өсу ырғағы теңдеуін бағалаудың нәтижелері

R	0,714
R ²	0,510
Түзетілген R ²	0,387
Фишер тесті	4,163 (<i>p</i> – value = 0,051)
Айнымалылар	
Ауыл шаруашылығының ЖӨӨ өсу қарқыны, % – тәуелді айнымалы	
Тұрақты	13,755
Регрессия коэффициенттері	
Бюджеттік қамтамасыз етілудің өсу қарқыны, %	-0,266*
Астық (оның ішінде күріш) және бұршақ дақылдары түсімінің өсу қарқыны, %	0,084**
* p<0,1; ** p<0,05; *** p<0,01	
Ескерту – Автор есептеулер негізінде құрастырған	

Көп сызықты регрессия теңдеуінің алынған параметрлерін талдаудан келесі қорытындыларды жасауға болады:

- бюджеттік қамтамасыз етудің өсу қарқынының 1 %-ға артуы ауыл шаруашылығының жалпы ішкі өнімінің өсу қарқынын орта есеппен 0,266 %-ға төмендетуге мүмкіндік береді, бұл ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының негізгі қорларының және жалпы өндірістің жоғары тозуына байланысты. Карантиндік шаралардың нәтижесінде жергілікті бюджетке түсетін салық түсімдерінің басым бөлігін құрайтын ШОБ субъектілері төлейтін алымдар мен салықтар төмендерді. Қазіргі жағдайда бюджет жүйесін аймақтарда көбірек салықтар қалатындай және сол арқылы жергілікті билік органдары өздеріне бекітілген аумақтарда экономиканы дамытуға ынталандыратындай етіп өзгерту орынды болуы мүмкін;

- дәнді дақылдар шығымдылығының өсуінің 1 %-ға артуы ауыл шаруашылығындағы ЖӨӨ өсу қарқынын орта есеппен 0,084 %-ға артты.

Нәтижесінде, зерттеудің болжамы расталып, мемлекеттік басқару жүйесі, оның ішінде, жергілікті деңгейде экономикалық өсу көрсеткіштеріне тікелей байланысты және мемлекеттік органдардың қызметіне тәуелді болатыны дәлелденді. Сол себепті, институционалдық құрылымдарды дамыту және жетілдіру ұзақ мерзімді экономикалық өсудің біршама терең қайнар көзі болады. Тұрақты ұзақ мерзімді өсуге жағдай жасаудың ауқымдылығы мемлекет басшылығының реформаларға дайындығы және саяси еркіне тікелей тәуелді болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Автордың жүргізген зерттеулеріне сәйкес «Ауыл шаруашылығының ЖӨӨ» қорытынды көрсеткіші және қаржылық қамтамасыз етілуі, астық және астықты-бұршақ дақылдарының түсімі секілді факторлар арасында арақатынастылық бар екені анықталған. Мемлекеттік басқарудың тиімділігі мемлекет пен өңірлердің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету және халықтың әл-ауқатын арттырудың шарттарының бірі болып табылатыны негізделді. Аудан орталықтары мен ауылдардың бюджеттерінің орындалуы аймақтық биліктерге тәуелді, ал аймақтық бюджеттердің орындалуы орталық үкіметтің шешімдеріне тәуелді болатыны түсінікті [14; 15]. Сол себепті, ауыл шаруашылығы өндірісінің өнімділігі және экологиялылығын арттыру, инфрақұрылымды жақсарту, нарықтарды қалыптастыру және оңтайландыру, кірісті арттыру, ауылдық өнім өндірушілерді құқықтық қорғауды қамтамасыз ету, жергілікті билік органдарының қызметінің бағыттарының бірі ретінде ауылдық елді мекендердегі тұрғын үй, әлеуметтік және коммуналдық шаруашылықтарды дамыту, оларды дамытуға бағытталған озық жағдай жасау, жергілікті билік органдарының құрылымын нығайту мақсатында қолданыстағы заңнама шеңберінде мемлекеттік басқарудың функциясы мен міндеттерін оңтайландыру, ауылдық аумақтардың өзін-өзі дамытуының экономикалық механизмдерін құрумен байланысты мәселелердің шешімін табуға көмектесетін сәйкес өңірлік нысаналы бағдарламалар және ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту шараларының жүйесін әзірлеу қажеттілігі бар.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Gherghina S. C., Botezatu M. A., Hosszu A., Simionescu L. N. Small and Medium-Sized Enterprises (SMEs): The Engine of Economic Growth through Investments and Innovation // *Sustainability*. – 2020. – № 12(1). – 347. – DOI: <https://doi.org/10.3390/su12010347>.
2. Tselios V., Tompkins E. Local government, political decentralisation and resilience to natural hazard-associated disasters // *Environmental Hazards*. – 2017. – № 16(3). – P. 228-252. – DOI: <https://doi.org/10.1080/17477891.2016.1277967>.
3. Heller P., Harilal K. N., Chaudhuri S. Building local democracy: Evaluating the impact of decentralization in Kerala, India // *World Development*. – 2007. – № 35(4). – P. 626-648. – DOI: <https://doi.org/10.1016/j.worlddev.2006.07.001>.
4. Мурзахметова А., Мухамеджан А., Жакупова С. Особенности и проблемы развития малого и среднего предпринимательства Казахстана в современных условиях // *Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право*. – 2020. – № 92(4). – С. 65-75.
5. Lukhmanova G., Baisholanova K., Shiganbayeva N., Abenov B., Sambetbayeva A., Gussenov B. Innovative development of the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan // *Revista ESPACIOS*. – 2019. – № 40(32). – P. 6-15.
6. Altieri M. A., Nicholls C. I. Agroecology and the reconstruction of a post-COVID-19 agriculture. // *The Journal of Peasant Studies*. – 2020. – № 47(5). – P. 881-898. – DOI: <https://doi.org/10.1080/03066150.2020.1782891>.
7. Di Vaio A., Boccia F., Landriani L., Palladino R. Artificial intelligence in the agri-food system: Rethinking sustainable business models in the COVID-19 scenario. // *Sustainability*. – 2020. – № 12(12). – DOI: <https://doi.org/10.3390/su12124851>.
8. Mishra A., Bruno E., Zilberman D. Compound natural and human disasters: Managing drought and COVID-19 to sustain global agriculture and food sectors // *Science of the Total Environment*. – 2021. – № 754. – Article number 142210. – DOI: [10.1016/j.scitotenv.2020.142210](https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2020.142210)

9. Mastronardi L., Cavallo A., Romagnoli L. Diversified farms facing the COVID-19 pandemic: First signals from Italian case studies // *Sustainability*. – 2020. – № 12(14). – Article number 5709. – DOI: <https://doi.org/10.3390/su12145709>.

10. Политика на местном уровне – актуальные и проблемные вопросы. Рекомендательное пособие для субъектов местного управления в Казахстане. – Нур-Султан: Типография «IndigoPrint», 2020. – 288 с.

11. Baitarakova B. D., Turysbekova R. K., Gajiyev F. A., Subebaeva Zh. K., Syrlybaeva M. T., Gussenov B. Sh. Using the principles of project financing as an effective instrument of management of transport infrastructure (Using elements of public-private partnerships) // *Espacios*. – 2018. – № 39(19). – P. 42.

12. Данные Валового выпуска сельского хозяйства сельских территорий Карагандинской области за период с 2010-2020 годы [Электронды ресурс] // Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан [web-сайт]. – 2021. – URL: www.stat.gov.kz (Қарау уақыты: 12.01.2022).

13. Программа развития Карагандинской области на 2016-2020 годы, утвержденная решением XIII сессии областного маслихата № 263 от 12.12.2017 года [Электронды ресурс] // Сайт Министерства экологии, геологии и природных ресурсов [web-сайт]. – 2017. – URL: <https://ecogofond.kz/2018/03/30/30200/> (Қарау уақыты: 12.01.2022).

14. Об утверждении Концепции развития местного самоуправления в Республике Казахстан до 2030 года, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 14 сентября 2020 года № 413 [Электронды ресурс] // Әділет [web-сайт]. – 2020. – <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000639> (Қарау уақыты: 12.01.2022).

15. Tselios V., Tompkins E. Local government, political decentralization and resilience to natural hazard-associated disasters // *Environmental Hazards*. – 2017. – № 16(3). – P. 228-252. – DOI: <https://doi.org/10.1080/17477891.2016.1277967>.

REFERENCES

1. Gherghina, S. C., Botezatu, M. A., Hosszu, A. and Simionescu, L. N. (2020). Small and Medium-Sized Enterprises (SMEs): The Engine of Economic Growth through Investments and Innovation. *Sustainability*, 12(1), 347, DOI: <https://doi.org/10.3390/su12010347>.

2. Tselios, V. and Tompkins, E. (2017). Local government, political decentralization and resilience to natural hazard-associated disasters. *Environmental Hazards*, 16(3), 228-252, DOI: <https://doi.org/10.1080/17477891.2016.1277967>.

3. Heller, P., Harilal, K. N. and Chaudhuri, S. (2007). Building local democracy: Evaluating the impact of decentralization in Kerala, India. *World Development*, 35(4), 626-648, DOI: <https://doi.org/10.1016/j.worlddev.2006.07.001>.

4. Murzahmetova, A., Muhamedzhan, A. and Zhakupova, S. (2020). Osobennosti i problemy razvitiya malogo i srednego predprinimatel'stva Kazahstana v sovremennyh usloviyah. *Vestnik KazNU. Seriya mezhdunarodnye otnosheniya i mezhdunarodnoe pravo*, 92(4), 65-75.

5. Lukhmanova, G., Baisholanova, K., Shiganbayeva, N., Abenov, B., Sambetbayeva, A. and Gussenov, B. (2019). Innovative development of the agricultural sector of the Republic of Kazakhstan. *Revista ESPACIOS*, 40(32), 6-15.

6. Altieri, M. A. and Nicholls, C. I. (2020). Agroecology and the reconstruction of a post-COVID-19 agriculture. *The Journal of Peasant Studies*, 47(5), 881-898, DOI: <https://doi.org/10.1080/03066150.2020.1782891>.

7. Di Vaio, A., Boccia, F., Landriani, L. and Palladino, R. (2020). Artificial intelligence in the agri-food system: Rethinking sustainable business models in the COVID-19 scenario. *Sustainability*, 12(12), DOI: <https://doi.org/10.3390/su12124851>.

8. Mishra, A., Bruno, E. and Zilberman, D. (2021). Compound natural and human disasters: Managing drought and COVID-19 to sustain global agriculture and food sectors. *Science of the Total Environment*, 754, 142210, DOI: [10.1016/j.scitotenv.2020.142210](https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2020.142210)

9. Mastronardi, L., Cavallo, A. and Romagnoli, L. (2020). Diversified farms facing the COVID-19 pandemic: First signals from Italian case studies. *Sustainability*, 12(14), 5709, DOI: <https://doi.org/10.3390/su12145709>.
10. *Politika na mestnom urovne – aktual'nye i problemnye voprosy. Rekomendatel'noe posobie dlya sub"ektov mestnogo upravleniya v Kazahstane*. (2020). «IndigoPrint», Nur-Sultan, 288 p.
11. Baitarakova, B. D., Turysbekova, R. K., Gajiyev, F. A., Subebaeva, Zh. K., Syrlybaeva, M. T. and Gussenov, B. Sh. (2018). Using the principles of project financing as an effective instrument of management of transport infrastructure (Using elements of public-private partnerships). *Espacios*. 39(19), 42.
12. Data of the Gross output of agriculture in rural areas of the Karaganda region for the period from 2010-2020. (2021). *Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan*. Retrieved January 12, 2022, from www.stat.gov.kz (In Russian).
13. Programma razvitiya Karagandinskoy oblasti na 2016-2020 gody, utverzhennaya resheniem XIII sessii oblastnogo maslihata № 263 ot 12.12.2017 goda. (2017). *Website of the Ministry of ecology, geology and Natural resources*. Retrieved January 12, 2022, from <https://ecogofond.kz/2018/03/30/30200/> (In Russian).
14. Ob utverzhenii Konceptii razvitiya mestnogo samoupravleniya v Respublike Kazahstan do 2030 goda, utverzhennaya Ukazom Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 14 sentyabrya 2020 goda № 413. (2020). *Adilet*. Retrieved January 12, 2022, from <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000639> (In Russian).
15. Tselios, V. and Tompkins, E. (2017). Local government, political decentralization and resilience to natural hazard- associated disasters. *Environmental Hazards*, 16(3), 228-252, DOI: <https://doi.org/10.1080/17477891.2016.1277967>.

FINANCIAL AND ECONOMIC FOUNDATIONS OF LOCAL SELF-GOVERNMENT IN RURAL AREAS (ON THE EXAMPLE OF THE KARAGANDA REGION)

Zh. B. Aubakirova^{1*}, E. B. Aimagambetov¹, E. N. Belkina²

¹Karaganda University of Kazpotreboysuz, Karaganda, Republic of Kazakhstan

²I. T. Trubilin Kuban state Agrarian University, Krasnodar, Russian Federation

ABSTRACT

The purpose of the study is to analyze and assess conditions for the development of financial and economic foundations of local self-government in rural areas of Karaganda region.

Methodology. The local community creates and adapts governance institutions and shapes policies and measures that contribute to the development of its region. Capacity building opportunities for local communities were determined by setting priorities for their development and access to resources and services, coordination of actions at the level of local government and higher state bodies.

Originality / value of research. Fiscal capacity of the territory, calculated taking into account the funds of budgets of all levels of the budgetary system per capita looks so that the ratio of expenditures of budgets can vary significantly in different territories as well as the ratio of population groups whose income depends on these budgets due to the uneven location across the territory of the number of budgetary organizations, which are financed by higher-level budgets.

Findings. Despite significant differences between the regions of the republic and in some cases the uniqueness of situations common to all regions is the nature of the links between the individual elements of the reproduction process, patterns of influence of the components on all parts of the process. The totality of these elements and their links forms the reproduction cycle. Therefore, the author considered the indicators characterizing the Karaganda region, where, as a hypothesis, the relationship between the resulting indicator of the GRP of agriculture and such factors as financial opportunities and the yield of grain and leguminous crops was proposed and proved. It was substantiated that the effectiveness of public administration is one of the conditions for ensuring sustainable socio-economic development of the country and the region and improving the welfare of the population.

Key words: local government, strategic development, territory, state regulation, agriculture, state, financing, budgetary provision.

**ФИНАНСОВО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ МЕСТНОГО САМОУПРАВЛЕНИЯ
СЕЛЬСКИХ ТЕРРИТОРИЙ
(НА ПРИМЕРЕ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ)**

Ж. Б. Аубакирова^{1*}, Е. Б. Аймагамбетов¹, Е. Н. Белкина²

¹Карагандинский университет Казпотребсоюза, Караганда, Республика Казахстан

²Кубанский государственный аграрный университет имени И. Т. Трубилина,
Краснодар, Российская Федерация

АННОТАЦИЯ

Целью исследования является анализ и оценка условий развития финансово-экономических основ местного самоуправления на сельских территориях Карагандинской области.

Методология. Местное сообщество создает и адаптирует институты управления и формирует политику и меры, способствующие развитию своего региона. Возможности наращивания потенциала местных сообществ были определены путем установления приоритетов для их развития и доступа к ресурсам и услугам, согласования действий на уровне местного самоуправления и вышестоящих государственных органов.

Оригинальность / ценность исследования. Бюджетная обеспеченность территории, рассчитанная с учетом средств бюджетов всех уровней бюджетной системы в расчете на душу населения выглядит таким образом, что соотношение расходов бюджетов может существенно различаться в разных территориях также, как и соотношение групп населения, доходы которых зависят от этих бюджетов в связи с неравномерностью размещения по территории страны количества бюджетных организаций, которые финансируются за счет средств вышестоящих бюджетов.

Результаты исследования. Несмотря на значительные различия между регионами республики и в ряде случаев уникальность ситуаций общим для всех регионов является характер связей между отдельными элементами процесса воспроизводства, закономерности влияния составляющих на все звенья процесса. Совокупность этих элементов и их связей образует воспроизводственный цикл. Поэтому автором были рассмотрены показатели, характеризующие Карагандинский регион, где в качестве гипотезы была предложена и доказана взаимосвязь между результирующим показателем ВРП сельского хозяйства и такими факторами, как финансовые возможности и урожайность зерновых и зернобобовых культур. Было обосновано, что эффективность государственного управления является одним из условий обеспечения устойчивого социально-экономического развития страны и региона и повышения благосостояния населения.

Ключевые слова: местное самоуправление, стратегическое развитие, территория, государственное регулирование, сельское хозяйство, государство, финансирование, бюджетная обеспеченность.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ

Аубакирова Жанна Болатбековна – докторант PhD, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы, e-mail: aubakirova_1979@bk.ru*

Аймагамбетов Еркара Балқараевич – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан Республикасы, e-mail: rector@keu.kz

Белкина Елена Николаевна – экономика ғылымдарының докторы, доцент, И. Т. Трубилин атындағы Кубань мемлекеттік аграрлық университеті, Краснодар, Ресей Федерациясы, e-mail: nbelkina@list.ru